



«Евразийский национальный  
университет имени Л.Н.Гумилева»

Экономический факультет

Кафедра учет и анализа

ФГАОУ ВО «Российский  
университет дружбы народов»

Экономический факультет

Кафедра бухгалтерского учета,  
аудита и статистики

**«МЕЖДУНАРОДНЫЕ СТАНДАРТЫ УЧЕТА И АУДИТА:  
ПРАКТИКА ПРИМЕНЕНИЯ В УСЛОВИЯХ ЦИФРОВОЙ  
ЭКОНОМИКИ»**

**Сборник статей Международной научно-практической  
конференции 16 апреля 2021 г.**

Нурсултан

УДК 657(47+57)

ББК 65.053

П78

Рекомендовано к печати Ученым советом  
Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева

**Рецензент** – доктор экономических наук, профессор *Алиев М.К.*

**Научные редакторы:**

заведующая кафедрой учета и анализа ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, кандидат экономических наук, ассоциированный профессор *Г.Д. Аманова*  
PhD, и.о.доцент ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Жолаева М.А.  
заведующая кафедрой бухгалтерского учета, аудита и статистики РУДН, кандидат экономических наук *М.В. Петровская*

**П78** «Международные стандарты учета и аудита: практика применения в условиях цифровой экономики»: сборник статей Международной научно-практической конференции. Астана, 16 апреля 2021 г. – Нур-Султан: ЕНУ им Л.Н.Гумилева, 2021. – 256 с.

ISBN 978 601 337 121 4

Сборник статей научно-исследовательских работ студентов, магистрантов, докторантов, профессорско-преподавательского состава по итогам Международной научно-практической конференции 16 апреля 2021 г.

Предназначен для широкого круга читателей.

Электронная версия материалов сборника размещается на сайте [www.enu.kz](http://www.enu.kz)

*Сборник научных статей участников конференции подготовлен по материалам, представленным в электронном виде. Ответственность за содержание материалов несут авторы статей.*

© Коллектив авторов, 2021  
© ЕНУ имени Л.Н.Гумилева, 2021

ISBN 978 601 337 121 4

## Пандемия жағдайындағы бухгалтерлік есептің жаңа бағыттары

*Кудайбергенова Эльмира Ордабековна*

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің  
«Экономика» факультетінің  
«Есеп және аудит» мамандығының 3-курс студенті*

*Аңдатпа.* Мақалада әлемдік, сондай-ақ қазақстандық экономиканың пандемияның ауыртпалықтарымен күресудің жолдары талданып, бизнес-субъектілердің қиын жағдайдан шығу әдістері, қашықтан жұмыс жасауға байланысты бухгалтерлік есеп жүргізудің жаңа бағыттары мен технологиялары қарастырылған.

*Кілтті сөздер:* пандемия, бухгалтерлік есеп, автоматтандыру, цифрландыру, салық есебі, карантин, экономика

### Новые направления бухгалтерского учета в условиях пандемии

*Кудайбергенова Эльмира Ордабековна*

*студентка 3-курса специальности «Учет и аудит»  
Экономического факультета  
Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева*

*Аннотация.* В статье обсуждаются решения преодоления трудностей пандемии мировой и казахстанской экономики, а также рассматриваются способы выхода из сложных ситуаций для хозяйствующих субъектов, новые направления и нововведения в бухгалтерском учете, связанные с удаленной работой организаций.

*Ключевые слова:* пандемия, бухгалтерский учет, автоматизация, цифровизация, налоговый учет, карантин, экономика

### New directions of accounting during a pandemic

*Kudaibergenova Elmira Ordabekovna*

*A 3-year student of specialty «Accounting and audit»  
Faculty of Economics  
L.N. Gumilyov Eurasian National University*

*Annotation.* The article discusses solutions to overcome the difficulties of the pandemic of the global and Kazakhstan economies, as well as presents ways of getting out of difficult situations for business entities, new directions and innovations in accounting related with remote work of organizations.

*Keywords:* pandemic, accounting, automation, digitalization, tax accounting, quarantine, economy

Бүкіл әлем пандемия әкелген алапатты дағдарысқа теңегенімен, кез келген дағдарыс – жаңа мүмкіндіктер уақыты, өзін жаңа қырынан таныту арқылы әлсіздердің кетіп, күштілердің ұтып шығу алаңы іспеттес. Көп компаниялар жұмысын тоқтатқанымен, бұдан бухгалтер қауымының жұмысы азаймады, қайта көбейе түсті, бұл жағдай өз кезегінде ерекше назар мен әдістерді қажет етті.

Қазақстан аумағындағы бизнес-субъектілерді зерттей отырып, пандемия әкеліп соқтырған мәселеге бейімделу дәрежесіне қарай ұйымдарды үш негізгі түрге бөліп топтастыруға болады: 1. Бірінші түрі – күнделікті өмірде электронды құжаттаманы (ЭДО) сәтті қолданатын және мүмкін болатын барлық шаруашылық операцияларды автоматтандырумен айналысатын ұйымдар. Ондай ұйымдардың жұмысшыларын COVID-19 жағдайында қашықтан атқарылатын жұмысқа көшіру оңай, уақытша және басқа да шығындарды азайтып, бәсекелестері аз ортаның жаңа деңгейіне шығарады. Бұндай ұйымдардың арасында көбінесе ірі банктер, IT-сектордағы компаниялар мен ірі кәсіпкерлік субъектілер кездеседі. [1, с.461] Сонымен бірге қазіргі ірі банктер өзіндік экожүйені құруға ұмтылуда, клиент тек банк қызметтерін ғана емес, сондай-ақ басқа да жанама қызметтерді алуы мүмкін. Нақты мысал ретінде Kaspi – Қазақстанның алдыңғы қатарлы банкін айтуға болады, банктік қызметтен бөлек, интернет-дүкен, интернет-төлемдер, бонустар, онлайн билет сатып алу, мемлекеттік қызметтер және тағы да басқа қызметтерімен танымал.[2]

2. Екінші түрі - жартылай, яғни автоматтандыру мен электронды құжаттаманың ірі процестерін қолданатын, бірақ әлі де болса ақпарат алмасуды бұрынғы, дәстүрлі жүйеде жүргізетін ұйымдар. Мысал ретінде «екінші ретті» бизнес өкілдерін, орташа шамадағы банктер мен IT-компанияларды айтуға болады, олардың бухгалтерлік қызметтерін жаңа режимге көшіру біраз күшті талап етті, дегенмен олардың серіктестері әлі де ақпарат алмасу мен құжат жүргізудің дәстүрлі жүйесіне әбден үйреніп кеткен. Сондықтан оларда құжат айналымы өте баяу жүреді, компания бухгалтериясы есептілікті соңғы болып тапсырады. Алайда олардың топ-менеджмент бөлімі жедел шешім қабылдап, барлық процестердің автоматтандырылуына күш салып, жұмысшыларға керекті жағдайларды ұйымдастыруда.

3. Үшінші түр – цифрландыру дәуіріне жаңа үйреніп келе жатқан дәстүрлі ұйымдар. Бұндай ұйымдарға кезінде автоматтандыруға терең қажеттілікті сезінбеген немесе кішкене де болсын электронды құжаттаманы қолданып көрген, салық органдарымен, фондтар мен статистика қызметімен ақпарат алмасқан шағын бизнесті кіргізуге болады. Тәжірибе көрсеткендей, бұл ұйымдар бухгалтериясы 2020 жылдың қиындықтарын ауыр қабылдады: кейбір процестер объективті себептерге байланысты тоқталып жүрді. [3, с.24] Дегенмен олардың да жолы болып, 2020 жылдың 10 желтоқсанында ҚР президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Заңға қол қойып, кіші және шағын бизнес корпоративтік табыс салығы, жеке табыс салығы, әлеуметтік және бірыңғай жер салығын төлеуден босатылған еді. *Бұған дейін заңды тұлғалар жеке табыс салығынан 20%, жеке кәсіпкерлер 10% төлеумен қатар 20% корпоративтік табыс салығын төлеу қажет еді. Ал жаңадан енгізілген салық түрі жалпы түсімнің 3% төлеуге міндеттейді.* Сонымен бірге, жаңа режимді қолданатын кәсіпкерлер айналым көлеміне қарамастан қосылған құн салығын төлемейді. [4] Билік органдары мемлекет экономикасындағы қиындықтарды ескере отырып, жедел әрекет ету шараларына, соның ішінде салық және бухгалтерлік есептілікті тапсыру жағдайына өзгертулер енгізуде. Мысалы, 2021 жылдың 1 қаңтар айынан бастап, жалпыға бірдей декларациялаудың бірінші кезеңі, шағын және орта бизнестің күйін көтеруге бағытталған жаңа салық режимі бастау алып, сондай-ақ зейнетақы 7%-ға (минималды зейнетақы – 43 272 теңге), мұғалімдердің жалақысы 25% -ға, медициналық қызметкерлерге 30%-ға, әлеуметтік-медициналық мекеме қызметкерлері үшін жалақы 45%-ға дейін көтеріліп, әйелдердің зейнетақыға шығу жасы 60-қа дейін ұлғайтылды. 2020 жылы 23 желтоқсанда «Экономикалық өсуді қалпына келтіру мәселелері бойынша кейбір заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңды Парламент қабылдап, 2021 жылдың басынан бастап қазақстандықтарға зейнетақы қорларының бір бөлігін белгілі бір мақсаттарға, мысалы, тұрмыстық жағдайды жақсарту, емделу ақысын төлеу немесе жеке меншік басқарушы компанияларға беру секілді мақсаттар үшін алуға болады. [5]

Тек мемлекеттің өзі ғана емес, көптеген ұйымдар көлеміне қарамастан, COVID-19-дың тарау қаупін азайту үшін шаралар кешенін әзірледі. Дағдарысқа қарсы әрекеттерді ұйымдастыру арқылы жағдай тез қалпына келтірілді:

- санитарлық шаралар, соның ішінде желдету, санация, жұмыс орындарын дезинфекциялау, қызметкерлерді маскалар мен антисептиктермен қамтамасыз ету, температураны күн сайын тексеріп тұру, арнайы журнал жүргізу;

- іссапарлардан толық бас тарту, компания қызметкерлердің барынша аз қозғалысы;

- бетпе-бет отырыстардың барынша азайту арқылы конференцколл мен видеоконференция форматына көшіру, қашықтан жұмыс жасау;

- салық инспекциясына, әлеуметтік сақтандыру, зейнетақы қорларына және банктерге сапарларды болдырмау, тексеру мен анықтама алу рәсімдері өзгертулерге ұшырап, бұрын онлайн болуы мүмкін емес шаралар мүмкін бола бастады, бәрі қашықтан жүргізіле бастады.

Жоғарыда

аталған іс-шаралардың бір бөлігі ұйымдардың шығын баптарына өз өзгертулерін енгізді, кейбір санитарлық шаралар салық төлеушілердің «мойнына қосымша жүктелді», мысалы,

сауда-логистикалық фирмаларда тапсырыс берушіден жүкті клиентке жеткізуге байланысты бірқатар шектеулер пайда болды. COVID-19 әсерінен тоқталып қалмауы керек тамақ логистикасы арнайы қосымша шектеулерге ұшырады: барлық жүргізушілер тамақ өндіру кәсіпорынның аумағына кірген кезде күнделікті медициналық тексерумен қатар, жеке қорқану құралдарын (маска, респиратор, антисептик, қорғаныс киімі) қолдануға міндетті. Карантиндік шаралардың шығындарын көбінесе саудаға мүдделі тұлғалар, яғни тағам қоспаларын тасымалдаушы тартады. Тәжірибе көрсеткендей, өндіріс кәсіпорнының дәрежесі жоғары (көпұлтты немесе ірі жергілікті өндіріс) болған сайын, сол аумаққа кіретін серіктес компаниялардың жұмысшыларына қойылатын талаптар деңгейі соғұрлым жоғары болады. [1, с.463]

Сондықтан коронавирус эпидемиясының алдын алып, өз жұмысшыларының денсаулығын ойлайтын ұйымдар қорғану құралдарын – маска, респиратор, бір реттік қолғап, антисептик, дезинфекция құралдарын жаппай сатып алуда. Осыған байланысты әр бухгалтер мынадай сұраққа кезігеді: табыс салығын азайту мақсатында мұндай шығындар салық есебінде танылуы мүмкін бе? Ең біріншіден, Еңбек кодексінде көрсетілген 182-бап «Жұмыс берушінің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы құқықтары мен міндеттері» бойынша, жұмыс беруші жұмыскерлерге қажетті санитариялық-гигиеналық жағдайлар жасауға, еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген нормаларға сәйкес жұмыскерлердің арнайы киімі мен аяқкиімін беруді және жөндеуді, оларды профилактикалық өңдеу, жуу және дезинфекциялау құралдарымен, медициналық қобдишамен жабдықтауды қамтамасыз етуге міндетті деп жазылған. [6] Сондықтан аурудан сақтану құралдарына кеткен шығындарды міндетті де еріксіз шара ретінде тануға болады.

Жұмысшыны керекті еңбек жағдайларымен, соның ішінде қауіпсіздігін, қорғанысын және гигиенасын қамтасыз етуге арналған шығындар салық есебінде көрініс табуы керек, ал ол өз кезегінде табыс салығын азайта отырып, шегерімдерге жатқызылады. Бұны Еңбек кодексінің 243-бабы растайды: жұмыскерлерді еңбек қауіпсіздігі, еңбекті қорғау және еңбек гигиенасы талаптарына, оның ішінде санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға жауап беретін еңбек жағдайларымен қамтамасыз ету шығыстары шегерімге жатады. [6] Ал оларды біркелкі шегерімдерге жатқызу үшін, ең біріншіден, шығындарды құжаттарда дұрыс рәсімдеген жөн. Бірақ, егер бұндай шығындар ұйымның есеп саясатында ескерілмесе, онда сатып алудан бұрын жеке қорғаныс пен дезинфекция құралдарын сатып алу туралы бұйрықты шығарып, жеткізушіден тиісті бастапқы құжаттарды сұрастырады. Ондай құжаттарға сатып алынған тауар үшін жүкқұжат және бақылау-кассалық машина чегін кіргізуге болады [7]. Пандемия заманының жаңа талаптары тек бухгалтерлік есеп жүргізу процесін ғана емес, сонымен бірге бухгалтерлердің күнделікті өміріне де өз өзгертулерін енгізгені рас, мысалы New York State Society of CPAs жүргізген 2020 жылдың мамыр-шілде айларындағы сауалнама нәтижелері бойынша респонденттердің 80%-ы жұмыспен қамтылу жағдайында өзгеріс жоқтығын мәлімдеді. Ал қалған 20%-ының ішіндегі 3%-ына жұмыстан уақытша шығуына тура келді, басқа 6%-ы жұмыс орындарынан айырылып, 11%-ы тұрақты жұмыс күнінен толық емес жұмыс күніне көшіп, еңбек ету сағаттары қысқарды. Респонденттердің  $\frac{3}{4}$  бөлігінің астамы кеңседе толық емес жұмыс уақытына көшті, ал 25%-ға жуығы қашықтан жұмыс жасауға тура келді. [8] Сондықтан бухгалтердің қолында ең тиімді де жылдам жасайтын құралдардың болуы міндетті шарт, қазіргі цифрландыру мен автоматтандыруға сәйкес көптеген электронды жаңа өнімдердің қолданылуы өрістеуде. Айталық, 2020 жылдың 1-8 сәуір аралығында болған «Impact of COVID-19: State of Accountants Report» сауалнамасына 18 түрлі елдерден 1100 –ге шақты бухгалтерлер, салық мамандары және тағы да басқа есеп мамандары қатысты. Сауалнама нәтижелері бойынша, компаниялардың 62%-ы пандемия тудырған жағдайға өзінің бейімделу дәрежесін сәтті деп бағалады, себебі олардың құжат айналымы электрондық жадыға (бұлтты қор. облачное хранилище) негізделген менеджмент пен онлайн-клиенттік порталдардың болуы жағымды әсер етті. Ал пандемияға қарсы әсерін сәтсіз деп бағалаған ұйымдар жаңа технологияларды енгізуге көп күш салып, қашықтан жұмыс жасау мен онлайн-байланысқа көшуге тырысуда. [9]. Әдетте бухгалтерге бастапқы құжаттардың сканерленген

нұсқалары электрондық пошта арқылы жіберіліп жатады, ал деректер компания серверінде, оған кіру рұқсаты ғаламтор арқылы жүзеге асады, болмаса, арнайы хостинг-провайдер мен «бұлтты қорларда» («облачные хранилища») сақталынады, соңғы аталған әдіс көптеген бухгалтерлердің көңілін қалдырмады. «1С Қазақстан» директоры Дмитрий Годунның айтуы бойынша 2020 жылы 1С сақтау серверлерінің (облако) сатылу деңгейі 656%-ға өсті.[10] Бірнеше жыл бұрын «1С сақтаушы», «1С бұлтты қорлары» сөздері түсініспеушілік тудыртатын, себебі көп адамға олар белгісіз еді. Пандемия жағдайы бәрін де өзгертті: қазір бұндай қорлар – ең көп таралған, біз күн сайын қолданатын, бірақ бұны біле бермейтін технологиялардың бірі. Тіпті электрондық пошта қолданатын немесе әлеуметтік желілерде суреттерін жариялайтын, бірақ бұлтты қорларға күмәнмен қарайтын адамдардың өздері оларды пайдаланып отырғанын сезінбейді. Алайда сақтық көшірмелердің (резервті копиялар) пайда болу жиілігі мен деректердің жіберілу қауіпсіздігіне аса назар аударған жөн, себебі жеке мәліметтер енді жиі жіберілініп отырады.

Осылайша, пайдаланылған мәліметтерге сүйене отырып, пандемияның бухгалтерлік есеп пен жалпы ұйымдардың қызметін жүргізудің дәстүрлі түрін жаңартып, автоматтандыру мен цифрландыру ғасырына тез аяқ басуына өз септігін тигізді. Нарыққа «шайқалыс» беріп, қиындықтарға бейімделу дәрежесі жоғары алып компанияларды жаңа көшбасшы орындарға шығарды.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Новицкая Л.Ю. Актуальные вопросы электронного документооборота в период пандемии// Образование и право. – 2020.- №4.-С. 461-466.
2. «Экосистема Caspi»: история трансформации. URL: <http://www.exclusive.kz/expertiza/smart> (күні: 13.04.2021)
3. Сурин А.М. Бухгалтерский и налоговый учет в условиях COVID-19// Проблемы науки. – 2020.- №8(56).-С. 24-27.
4. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) және "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Заңы. 2020 жылғы 10 желтоқсандағы № 382-VI ҚРЗ.
5. «Какие законы начинают действовать в Казахстане с 1 января и как они повлияют на жителей республики». URL: <https://kursiv.kz/news/obschestvo/2021-01> (күні: 13.04.2021)
6. Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі. 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ
7. «Как обосновать расходы на защиту от коронавируса. Подробный разбор от основателя группы компаний «Учет». URL: <https://kursiv.kz/news/biznes/2020-04> (күні: 13.04.2021)
8. «The Impact of COVID-19 on the Profession. An NYSSCPA Member Survey». URL: <https://www.cpajournal.com/2021/02/01> (күні: 13.04.2021)
9. «Survey Shows Impact of COVID-19 on the Accounting Profession». URL: <https://www.cpapracticeadvisor.com/accounting-audit/news> (күні: 13.04.2021)
10. «Последние тренды бухгалтерского учета обсудили на десятом Форуме 1С». URL: <https://1c.kz/news/detail/140923> (күні: 13.04.2021)